

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Қ. Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

Жунисбаева Айгерим Бакытовна

“Жерге орналастыру міндеттерін шешуге арналған геодезиялық жұмыстар”

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Мамандығы 5В071100 – Геодезия және картография

Алматы 2020

Сәтбаев университеті

Қ. Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
МІЖ-еГ кафедра меңгерушісі
PhD докторы, сеньор-лектор
Имансакипова Б.Б.Имансакипова
“ 20 ” мамыр 2020 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: “Жерге орналастыру міндеттерін шешуге арналған геодезиялық жұмыстар”

Мамандығы 5В071100 – Геодезия және картография

Орындаған: Жунисбаева А.Б.

Ғылыми жетекші: PhD
докторы, тьютор
Айтказинова Ш.К.Айтказинова
“ 20 ” 05 2020 ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Қ. Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

Мамандығы 5В071100 – Геодезия және картография

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі МІж-еГ

Доктор PhD, сеньор-лектор

Имансакипова Б.Б.Имансакипова

“ 20 ” мамыр 2020 ж.

Дипломдық жұмыс орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы **Жүнисбаева Айгерим Бакытовна**

Тақырыбы: *Жерге орналастыру міндеттерін шешуге арналған геодезиялық жұмыстар*

Университет Ректорының 2020 жылғы "27" қаңтар №762-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2020 жылғы "20" мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері:

Жерге орналастыру жұмыстары туралы жалпы мәлімет

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) *Жерге орналастыру жұмыстарының мазмұны*

б) *Алматы облысы Талғар ауданы бойынша жерге орналастыру жұмыстары*

в) *Жерге орналастыру жобасында орындалатын геодезиялық жұмыстар*

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Сызба материалдарының 19 слайдта көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиет 5 атаудан тұрады:

1. М. Нұрпейсова, Қ. Рысбеков, О. Сарыбаев, Д. Киргизбаева, Геодезия – Оқулық, Астана: Фолиант, 2016

2. Ж. Сейфуллин, Жер кадастры – Оқулық, Алматы: ҚазҰАУ, 2001

3. Ж. Игильманов, Г. Кусаинова, А. Игильманов, Инженерлік геодезия – Оқулық, Алматы: Эверо, 2016

4. Т.Есполов, Т.Жоламанов, Т.Пентаев, О.Абралиев, Жер кадастры - Оқулық, Алматы: 2013

5. Т. Тұяқбаев, С. Солтабаева, Ж. Нукарбекова, Ы. Жақыпбек, Инженерлік геодезия – Оқулық, Алматы: 2013

Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау

КЕСТЕСІ


Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	03.04.2020	
Жалпы бөлім	24.04.2020	
Арнайы бөлім	04.05.2020	
Норма бақылау	15.05.2020	

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған

қолтаңбалары


Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Негізгі бөлім	PhD докторы, тьютор Ш.К.Айтказинова	03.04.2020	
Жалпы бөлім	PhD докторы, тьютор Ш.К.Айтказинова	24.04.2020	
Арнайы бөлім	PhD докторы, тьютор Ш.К.Айтказинова	04.05.2020	
Норма бақылау	т.ғ.м., ассистент Нукарбекова Ж.М.	15.05.2020	

Ғылыми жетекші



Ш.К.Айтказинова

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Жунисбаева А. Б.

Күні

" 20 " мамыр 2020 ж.

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ	9
1	Жерге орналастыру жұмыстары	10
1.1	Жерге орналастыру жұмыстарының мақсаты мен міндеттері	10
1.2	Жерге орналастыру ұғымы мен құрылымы	12
2	Алматы облысы, Талғар ауданы бойынша жерге орналастыру жобасын дайындау кезіндегі атқарылатын геодезиялық жұмыстар	13
2.1	Нысанның әкімшілік және географиялық жағдайы	13
2.2	Климаты және жер бедері	13
2.3	Геодезиялық жұмыстардың түрлері және геодезиялық тірек жүйелері	15
2.4	Геодезиялық түсірістер	16
2.5	MapInfo Professional – геодезиялық түсіріс нәтижелерін өңдеу бағдарламасы	19
2.6	Жер телімдерінің ауданын анықтау әдістері	22
2.7	Жер телімдерін межелеу кезіндегі геодезиялық жұмыстар	23
2.8	Жобадан жер бетіне шығару кезіндегі геодезиялық жұмыстар	25
3	Талғар ауданында жерге орналастыру жобасын геодезиялық қамтамасыздандыру	27
3.1	Жерге орналастыру жобасын әзірлеу қағидалары	27
3.2	Жерге орналастыру жобасының техникалық бөлімін дайындау	30
	ҚОРЫТЫНДЫ	37
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	38
	ҚОСЫМШАЛАР	

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыстың мақсаты жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу кезіндегі орындалатын геодезиялық жұмыстарды қарастыру.

Дипломдық жұмыста Алматы облысы, Талғар ауданына қарасты Кеңдала ауылдық округінде орналасқан жер телімі бойынша жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу тәртібі қарастырылған.

Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімінде Қазақстан Республикасында қабылданған жерге орналастыруды ұйымдастыру кезіндегі орындалатын жұмыстар сипатталып, оның ішінде геодезиялық жұмыстар толығымен баяндалған. Жерге орналастыру жұмыстары «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Алматы облысы бойынша филиалы – Жер кадастры және жылжымайтын мүлік бойынша Талғар аудандық бөлімінде жасалады.

АННОТАЦИЯ

Цель дипломной работы изучение выполняемых геодезических работ при землеустройстве.

В дипломной работе рассмотрены порядки выполнения землеустроительных работ земельного участка, расположенного в сельском округе Кендала, Талгарского района Алматинской области.

В основной части дипломной работы описаны виды работ в землеустройстве, утвержденные в Республике Казахстан, в том числе изложены выполняемые геодезические работы. Землеустроительные работы выполняются Талгарским районным отделом Земельного кадастра и недвижимости – филиала некоммерческого акционерного общества Государственная корпорация «Правительство для граждан» по Алматинской области.

ANNOTATION

The purpose of the thesis is to study the performed geodetic works in land management.

The thesis discusses the procedures for land management of a land plot located in the rural district of Kendala, Talgar district of Almaty region.

The main part of the thesis describes the types of work in land management approved in the Republic of Kazakhstan, including the performed geodetic work. Land management works are carried out by the Talgar district department of the Land Cadastre and Real Estate - a branch of the non-profit joint-stock company State Corporation "Government for Citizens" in the Almaty region.

КІРІСПЕ

Жер – тәуелсіз мемлекеттің қалыптасып, дамуына керекті негізгі элемент. Адам қоғамының пайда болуы мен дамуында жер өте маңызды рөл атқарған. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясында айтып өткен мына сөздері осыған дәлел: «Жер – ата-бабамыздан бізге мирас болып қалған ең басты қазынамыз, ұлтымыздың ұлы байлығы. Қазақтың даласы – халықтың меншігі».

Қазақстан Республикасы кең байтақ жер қорына ие, біртұтас жер қорының көлемі 272,5 млн. га қамтиды.

Еліміздің жалпы жер ресурстарын басқарудағы негізгі құралы мен әдісі ретінде, жер қатынастарын реттеу мақсатында жерге орналастыру ұғымы пайдаланылады.

Геодезиялық жұмыстар жерге орналастыру мен кадастр жұмыстарының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл жұмыстар нәтижесінде жерге орналастыру және кадастрлық мәліметтер толықтырылып, автоматтандырылған жүйелер базасы нақтыланған дәрежеге жетеді.

Жерге орналастыру жұмыстарының құрамына – межелік белгілердің координаталарын анықтау немесе белгілі нүктелерді координаталары бойынша жер бетіне шығару, жер телімдерін таңдау актілерін дайындау, межелік жоспарларды қалыптастыру, межелік тірек желілерін құру жұмыстары кіреді.

1 Жерге орналастыру жұмыстары

1.1 Жерге орналастыру жұмыстарының мақсаты мен міндеттері

Қазақстан Республикасында 2003 жылдың 20 маусымында Жер Кодексі қабылданып, онда мемлекетіміздегі жер ресурстарын пайдаланудың құқықтық негіздері айқындалған. Жер заңы жер ресурстарын басқару және жер қатынастарын реттеу жолдарын белгілейді және мемлекеттік органдардың оларды шешудегі құқықтық мүмкіндігін бекітеді. Бұл құжаттарда жер қорының ең бірінші ауыл шаруашылығы бағытында пайдаланылатыны айтылып, экологиялық жағынан тиімділігін арттыру мақсатындағы әрекеттер баяндалған. Осыған қарай жерге орналастырудың басты міндеті айқындалған – экологиялық-экономикалық және әлеуметтік тиімді жер иелену және жер пайдалануды қалыптастырып, жер ресурстарын пайдаланудағы тәртіп белгіленген.

Жерге орналастырудың мақсаты – еліміздің жер қорын ұтымды пайдалануға алдын-ала әрекеттер жасап, әр салада, әсіресе, ауыл шаруашылығы өндірісінде жердің тиімділігін арттыру.

Жерге орналастыру жер пайдаланушыларды қалыптастырумен, оларды дамытумен, межелеу жұмыстарымен аяқталмайды.

Ауыл шаруашылығы өндірісінде жерге орналастыру алқаптардың құрамын, өндірістік аймақтардың, санаттардың және жер телімдерінің, шабындықтар мен жайылымдардың, жол тораптарының және шаруа қожалықтарының орналасуын анықтап, барлық өндірістің дамуына территориялық сипат береді.

Жерге орналастырудың міндеттері:

- қабылданған заң актілері негізінде жер қатынастарын реттеу;
- жерді пайдалану арқылы шаруашылықтың әр түріне бірдей даму шараларын ұсыну;
- жерді тиімді пайдаланып, қорғауды қамтамасыз ету;
- топырақтың құнарлылығын арттырып, экологияға қолайлы орта жасау;
- жер нарығын қалыптастырып, әрі қарай жетілдіру.

Жерге орналастырудың міндеттері оның келесідей мазмұндарын айқындап, орындалуға тиіс әрекеттерден тұрады:

- 1) жерге орналастырудың республикалық және аймақтық схемасын құру, жерді пайдалануды жақсарту және қорғау бағдарламаларын жасау;
- 2) жаңа шаруашылық субъектілерінің жер пайдалану жобасын және оның территориясын ұйымдастыру жобасын жасау, тіркелген жер иелену құқықтарын ретке келтіру бойынша жерге орналастыру жобаларын жасау, телімдердің шекараларын жер бетінде шығару және межелік белгілерді қалыптастыру, жерге меншік иесінің құқықтық жағдайын растайтын құжаттамаларды беру;
- 3) жер телімдерінің шекараларын жер бетіне шығару, жерге орналастыру жобаларын жасау;

- 4) жер бетінде ерекше табиғат қорғау және қорықтық режимдегі территорияның шекарасына жер бөліп беру, бөлінген жер телімдерінің нақтылы шекараларын жер бетіне шығару;
- 5) жаңа қалыптасқан жер телімдерін пайдалану, бүлінген жерлерді қалпына келтіру және басқа да жерді пайдалану немесе қорғалуына қатысты жобаларды жасау;
- 6) жерге түгендеу жүргізу, нысаналы мақсатына сай емес пайдаланудағы және пайдаланылмай жатқан жерлердің санын есепту;
- 7) компьютерлік техниканы қолдану арқылы топографиялық, топырақтық, картографиялық, геодезиялық, геоботаникалық және басқа ізденіс және зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- 8) жер кадастры, жер мониторингіне қарасты іс-әрекеттерді жүргізу;
- 9) кадастрлық және тақырыптық карталарды дайындау;
- 10) жерді бағалаудың әдістерін пайдалана отырып, жер нарығын қалыптастыру.

Қарастырылып отырған жұмыстарды орындау үшін қажет ситуациялар:

1. жер пайдаланушының қажеттіліктері үшін жер учаскелерін қалыптастыру және шекара сызықтарын белгілеу арқылы бұрыннан пайдаланып келе жатқан учаскелердің нақты орнын тексеру;
2. жер учаскесінің нақты қай жерде орналасқаны жайлы ақпарат жоқ болса, өзара келісу әдісі бойынша шекарасын анықтап, қай жерде орналасқаны жайлы ақпараттарды дайындау, қайта тексеру;
3. МЖК-ның мәліметтер базасында жер телімінің орналасқан жерін белгілеуге қажетті ақпараттар бар болса, осы ақпараттарды пайдалану арқылы шекарасын белгілеу.

Бұл жұмыстар – жер пайдаланушыға жер учаскесін бөліп беру, пайдаланудағы жер учаскелерін қайта құру жұмыстарынан, нақты жер учаскесінің шекара шектерін анықтау бойынша жұмыстардан тұрады. Жерге орналастыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу нәтижесінде қабылданған, мемлекеттің заңдарында айқындалған тәртіппен қаралған және бекітілген жердің нысаналы мақсаты, жерді пайдалану мен оны қорғау режимі, шектеулер мен ауыртпалықтар, жер учаскелерінің шекарасы, жердің сапасы мен көлемі туралы деректер жер құқығы қатынасы субъектілерінің орындауы үшін міндетті болып табылады. [5, 334 бет]

Ішкі шаруашылық жерге орналастыру жобаларын жасау кезеңінде жерді есепке алу, тіркеу жайлы ақпараттар жаңаланып, пайдаланылмай немесе нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмай жатқан жерлерді анықтау үшін жерді түгендеу жұмыстарын жасайды. Осы жұмыстардың нәтижесінде арнайы жер қорына қосылатын жаңа жер телімдерінің тізімі дайындалады.

1.2 Жерге орналастыру ұғымы мен құрылымы

Жерге орналастыру ұғымы – жер қорын жер санаттары, облыстар, аудандар, халық шаруашылығы салалары арасында бөлу, әр түрлі қажеттіліктерге жер телімдерін бөліп беру, ауыл шаруашылығы алқаптары құрамын және қатынастарын бекіту, жерді есепке алу және тіркеу, құқық беретін құжаттарды дайындау, инвентаризациялау, мониторинг және жерді қорғау, бұзылған жерлерді рекультивациялау және орнына келтіру, кез келген қажеттілікке жер бөлу жобасына экспертиза жүргізу және т.б. жұмыстар құрамынан тұрады.

Жерге орналастыру құрылымы келесі мәселелерді қамтиды:

- жер қорын пайдалануды, жерге орналастыруды, жерді бөліп беру жұмыстарын экологияны қорғау және қолайлы жағдай туғызу шараларын ескере отырып жүргізу;
- кенттердің, қалалардың шекараларын белгілеп, жаңарту, анықталған жаңа ақпараттар болған жағдайда жерге орналастыру жобаларына енгізу;
- пайдалану үстіндегі жер телімдерін реттеу, қайта тексеру, нақты орналасқан жерлерін белгілеу, шаруашылықтың түрлері бойынша жерлерді пайдалануға беру жұмыстары;
- ерекше қорғаудағы жер телімдерінің шекараларын шығару, бүлінген жерлерді жаңғырту;
- жерді түгендеуді іске асыру. [5, 335 бет]

Жерге орналастыру жұмыстары шаруашылықаралық жерге орналастыру (ШАЖО) және ішкі шаруашылық жерге орналастыру (ІШЖО) болып екіге бөлінеді.

Ішкі шаруашылық жерге орналастыру – жерге орналастырудың негізгі түрлерінің бірі. Бұл жұмыстардың жобалау объектісі болып ауыл шаруашылық кәсіпорындарына, шаруа (фермерлік) қожалықтарға тұрақты (мерзімсіз) пайдалануға немесе жалға алу шартымен алынған жерлерде ауыл шаруашылық өндірісті ұйымдастыру болып табылады. ІШЖО-дың басты мақсаты – шаруашылықпен айналысатын меншік иелерінің жерді пайдаланудағы міндеттерін ретпен және тәртіппен орындауын қадағалап, бұл субъектілердің аз шығын келтіріп, жоғары сапалы өнім алуына, қазіргі және келешек ұрпақ үшін топырақтың құнарлылығын сақтап, адамдардың өмірін жақсарту жөніндегі маңызды мәселелерді шешу.

ІШЖО-дың басты міндеттері – ауыл шаруашылығындағы әр жер телімін толық, тиімді, ұтымды пайдалануды қамтамасыз ететін территорияны ұйымдастыру. Территориялық ішкі шаруашылық ұйымдастыру процесінде көрсетілген негізгі міндеттермен тығыз байланысты жұмыстар туындайды:

- топырақтың құнарлылығын сақтау;

ауыл шаруашылығы алқаптарының тиімділігі мен қолайлылығын арттыру.

[5, 336 бет]

2 Алматы облысы Талғар ауданы бойынша жерге орналастыру жобасын дайындау кезіндегі атқарылатын геодезиялық жұмыстар

2.1 Нысанның әкімшілік және географиялық жағдайы

Алматы облысының құрамында 16 аудан, облыстық маңызы бар 3 қала бар, олардың әкімшілік бағынуына аудандық маңызы бар 7 қала, 767 ауылдар мен кенттер кіреді. Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласы болып табылады.

Талғар ауданы - Алматы облысының оңтүстігінде орналасқан әкімшілік бөлік. Аудан 1969 жылы құрылған. Жер аумағы 3,8 мың км². Аудандағы 58 елді мекен 11 ауылдық округке және 1 қалалық әкімдігіне біріктірілген. Орталығы – Талғар қаласы. (1-сурет) Географиялық координат жүйесі бойынша 43° 18' 0" N, 77° 14' 0" E. Яғни Еуразиялық континенттің маңызды және ыңғайлы жерінде орналасып, Ұлы Жібек Жолының транзиттік пункті болып табылады.

Талғар қаласы еліміздің оңтүстік шығысында теңіз деңгейінен 1000-1300 метр биіктікте орналасқан. Талғар ауданында: 11 ауыл және Талғар қаласы, Бесқайнар, Белбұлақ, Қызылқайрат, Тұздыбастау, Бесағаш, Рысқұлов және т.б ірі елді мекендер бар.


2.2 Климаты және жер бедері

Ауданның климаты – шұғыл континенттік. Жазы ыстық, қысы суық. Таулы өңірлерінде қар қалың түседі (40-60см). Қантар айының орташа температурасы -6 -10⁰С, кейде -28 -30⁰С-қа дейін төмендейді. Жазы ыстық әрі құрғақ. Шілденің орташа температурасы 20-24⁰С.

Жылдық орташа жауын шашын мөлшері жазық өңірде 200-400 мм, тау бөктерлерінде 550-700 мм. Аудан аумағында ендік бағытта айқын байқалатын бірнеше табиғи белдемдер өтеді.

Қала аумағында Іле ойпатының шөлейтті белдемінде сұр, сортаң сұр, топырақ қалыптасқан. Мұнда топырағы сұр тастақ. Ал қара топырақты жерлерінде жусан, изен, қарандыз, ермен, қызыл мия, бақ-бақ өседі. Әсіресе, ауыл сыртына таяу маңда солтүстігінде тұма-бұлақтар жиі кездеседі. Сазды жердегі шағын көлдердің көбі бүгінде тартылып қалған.

Жалпы жер бедері дегеніміз – жеріндегі құрлықтардың мұхиттар мен теңіздер түбінің тілімденген пішіндерінің жиынтығы. Жер бедері тау, жазық, ойпат, таулы үстірт, төбе, қырқа, аңғар, жыра т.б. болып келеді. Әрбір аймақтың бедері оның геологиялық құрылысына, ішкі және сыртқы процестердің біреуінің басым болуына байланысты.



1-сурет – Талғар қаласының Бас жоспары

2.3 Геодезиялық жұмыстардың түрлері және геодезиялық тірек жүйелері

Еліміздің Жер туралы заңында жер қорымен болып жатқан барлық өзгерістерді уақытылы жаңа мәліметтермен қамтамасыз ету мақсатында, карталар мен мәліметтер базасын толықтыру жұмыстарын орындау кезінде қолданылатын геодезиялық қызметтің мәні қарастырылған. Толығымен бұл жұмыстар геодезиялық жұмыстар туралы жеке заңнамада ашылып айтылған. Осы заңды құжаттар негізінде жерге орналастыру қызметін дұрыс және сауатты жүргізу үшін, дәл ақпараттармен жұмыс істеу үшін геодезиялық қызметпен өте тығыз байланысты екендігін аңғаруға болады. Жер бетінде орналасқан әрбір объект жер учаскелерінің орналасқан орнымен өзара сәйкес келуі керек. Бұл жағдайдың орындалғандығын тексеру үшін геодезиялық түсірістердің көмегі керек. Түсіріс нәтижесінде шекаралардың дұрыс анықталғандығын тексеруге болады. [5, 208 бет]

Геодезиялық жұмыстар екі түрге бөлінеді:

- далалық жұмыстар – бұл жұмыстардың негізгі нәтижелері белгілі бір жергілікті аудан немесе аймақтың бет жазықтықтарында жүргізілген өлшем бірліктерінің жиынтығы болып табылады. Далалық геодезия жұмыстарыда өлшемдерді анықтау жергілікті аудандарды суретке түсіру және қажетті инженерлік-техникалық есептерді шығару барысында жинақталып отырады. Геодезиялық құралдарды пайдалана отырып, далалық өлшеу жұмыстарының өлшем бірліктері арнайы журналға жазылып, осы өлшемдерге қатысты абрис деп аталатын жергілікті аудан планының контуры сызылып, құрастырыла бастайды.
- өңделетін жұмыстар – далалық өлшем нәтижелері жинақталған соң оларды математикалық өңдеу құралдары арқылы қорытындылау және графикалық жұмыстар – пландар, карталар, профильдер сызу. [4, 20 бет]

Кез келген топографиялық түсірістер жер бетінде пландық (X, Y) және биіктік орны (H) белгілі нүктелерге негізделген. Мұндай нүктелерді тірек нүктелері деп атайды. Осы нүктелердің жиынтығы тірек торын құрайды.

Тірек нүктелерінің жер бетіндегі орны астрономиялық, геодезиялық және ГЛОНАСС/GPS жүйелерімен анықталады. Көбіне қолданылатын әдіс геодезиялық әдіс болғандықтан, осы түріне шолу жасап кетейік. Бұл әдісті пайдаланғанда негізгі болып табылатын нүктелер координаталары тұрақты әдіспен анықталып, басқа қосалқы нүктелер жергілікті жерде орнатылған тірек торларының төбелерінің координаттарын пайдалану арқылы бастапқы нүктелермен сәйкестендіріледі. Соның нәтижесінде нүктелердің координаттарын анықталатын тірек торлары құрылады. Барлық нүктелермен байланысқа түсіп құрылған осындай тірек торлары өлшеуді қатесіз жүргізіп, барынша дәл нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан елімізде басым аумақтарда тірек торларын құрудағы басты әдіс геодезиялық болып табылады. [5, 257, 258 беттер]

Жылжымайтын мүліктің мемлекеттік кадастрын және де басқа кадастрлық жұмыстарды жүргізу үшін арнайы геодезиялық тор құруға болады. Бұндай торды межелің тірек торы деп атайды. Бұл тор мемлекеттік немесе басқа геодезиялық торлар пункттерінің дәлдігі мен жиілігі жылжымайтын мүліктің мемлекеттік кадастрдың нормативті-техникалық талаптарына сай емес болған жағдайда құрылады.

2.4 Геодезиялық түсірістер

Жерге орналастыру қызметінде жер телімдерінің пландарын жасау үшін топографиялық түсірулердің бірнеше түрлері орындалады. Жиі пайдаланылатын түсірістерге теодолиттік, тахеометрлік, нивелирлік түсірістер жатады, фототопографиялық, аэрокосмостық және де спутниктің технологиялар кеңінен қолданылады. Жерге орналастырудағы түсірулердің ерекшелігі пландардың мазмұнымен, дәлдігімен және олардың көрсетілуімен, сонымен қоса түсіру нысандарымен тығыз байланысты. Кадастрлық пландар мен карталарда жер телімдерінің шекаралары, қалалық құрылымдар, гидрографиялық элементтер, жол-қатынас тораптары, жасыл желектер және т.б. объекттер бейнеленеді. Негізгі масштаб ретінде 1:500 және 1:2000 масштабтар қабылданған. Қаланың немесе ауданның аймағына байланысты 1:10000-1:50000 масштабтарда шолулық-анықтамалық карталар жасалынады.

Теодолиттік түсіріс. Теодолиттік түсіріс кезінде горизонталь және тік жазықтықтағы бұрыштарды өлшеу жүргізіледі. Бұл өлшеулер теодолит деп аталатын аспап көмегімен атқарылады. Өлшенетін жер телімінде орындалған жұмыс нәтижелері картада жер бедерін көрсетпей орындалады. [5, 227 бет]

Түсірісті орындау барысында далалық жұмыстар жүргізілетін жер беті зерттеледі. Тірек пункттары анықталып, түсіріс жүрістеріне ыңғайлы нүктелердің орындары белгіленеді, осылай негізгі пункттердің саны анықталады. Бұл жұмыстар рекогносцировка деген атпен белгілі. Жер беті түгел зерттеліп болғаннан кейін, барлық анықталған нәтижелерді, шартты-белгілерді пайдалана отырып, абрис сызылады. Абрис барынша дәл салынуы керек. Абриса белгіленген бастапқы пункттен бастап өлшеу жұмыстары басталады. [5, 227-228 беттер]

Тахеометриялық түсіріс. Бұл түсіріс келесі реттілікпен орындалады. Негізгі аспапта бір адам түсіріс жасап тұрады, екінші адам рейканы өлшенетін нүктенің үстіне апарып, ұстап тұрады. Аспап дүрбісімен рейканы нысанға алып, өлшеу жүргізіледі. Осы бір түсіріс нәтижесінде нүктенің бағыты, арақашықтығы мен биіктігі, X және Y координаталары анықталады. Осылай әрбір нүктелерде түсірістер жасалынып шығады.

Осы түсіріс нәтижелерінде анықталған X, Y, H координаталарын пайдаланып, бағдарламалық өңдеу арқылы жергілікті жердің планы жасалынады. Бұл түсірістерді жасау үшін электрондық тахеометр пайдаланылады. Аспапта орнатылған оптикалық құрылғы арқылы нүктелердің арақашықтығын бір мезетте анықтауға болады.

Нивелирлік түсіріс. Нивелирлеу жұмысының нәтижесінде нүктенің немесе пункттің белгілі келісілген деңгейден басталатын биіктік мәні есептелінеді.

Нивелирлеу жұмыстары нивелир деп аталатын аспаппен орындалады. Нивелирлеу жұмыстарын, қолданатын аспаптарға сәйкес: геометриялық, тригонометриялық, гидростатикалық, барометрлік тәсілдермен орындауға болады. Осылардың ішінде геометриялық нивелирлеуді жұмыста өте жиі қолданады. [5, 240-241 беттер]


GPS-қабылдағышы арқылы түсіріс. Біз жұмыс барысында жер учаскесінің координаттары мен шекараларын анықтау үшін GPS-қабылдағыштары орнатылған Leica GS10 аспабын пайдаландық. (2-сурет)



2-сурет – Leica GS10 GPS-қабылдағышы

Бұл аспап екі жиілікте жұмыс істейді. Есесіне нүктелердің координаталары аса дәл нәтижемен табылады. Алыс арақашықтықтарда сенімді сымсыз қосылысты қамтамасыз етеді. Мәліметтермен бөлісу аспаптың корпусында орнатылған сыртқы модульдар арқылы жүзеге асады: GSM / GPRS / UMTS / CDMA және UHF / VHF модемдері / GSM / Радио модемі. Нүктелерді сапалы суретке түсіру үшін 2 мегапиксельді сандық камерамен жабдықталған. Жинақталған деректерді сақтау мүмкін болу үшін контроллер 1 гигабайттық жадқа ие. Қайта зарядталатын GEB212 батареясы 10 сағат үздіксіз жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Аспаппен жұмыс істеу қолайлы болу үшін резеңке төсеммен орнатылған пернетақта көмектеседі. Бұл пернетақта арқылы ақпараттарды енгізу мен VGA дисплейге шығару өте ыңғайлы.

Бұл аспап далалық өлшеулерді жүргізуге арналған. Ылғалдан, шаңнан сенімді қорғалған. Қолайсыз температуралық жағдайларда да жұмыс жасауға бейімделген (-40⁰ С-тан 65⁰ С-қа дейін). Өлшенген координаталар шамасы қабылдағыштан LEICA Geo Office компьютерде орнатылған бағдарламасына флешка, Bluetooth немесе қосымша орнатылған Wi-Fi модулі арқылы көшіріледі. (3-сурет)



Point Id	Point Class	Date/Time	Latitude	Longitude	Ellp. Hgt.	Posn.	Hgt. Qlty
<input checked="" type="checkbox"/> Alm KazGeoKart	Reference	06/18/2019 16:46:47	43° 14' 26.13806" N	76° 54' 11.83092" E	801.2977		0.0000
<input checked="" type="checkbox"/> 1	Measured	06/18/2019 16:50:00	43° 19' 01.54175" N	77° 13' 03.87287" E	911.2142		0.0294
<input checked="" type="checkbox"/> 2	Measured	06/18/2019 16:52:20	43° 19' 02.54241" N	77° 13' 03.96424" E	910.4299		0.0436
<input checked="" type="checkbox"/> 3	Measured	06/18/2019 16:52:26	43° 19' 02.53893" N	77° 13' 03.96163" E	910.4168		0.0670
<input checked="" type="checkbox"/> Talgar	Reference	06/18/2019 16:52:48	43° 18' 03.70610" N	77° 14' 15.98251" E	963.5335		0.0000
<input checked="" type="checkbox"/> 4	Measured	06/18/2019 16:52:54	43° 19' 02.77154" N	77° 13' 03.89116" E	910.0346		0.0173
<input checked="" type="checkbox"/> 5	Measured	06/18/2019 16:54:10	43° 19' 04.43850" N	77° 13' 03.94153" E	908.4526		0.0173

3-сурет – LEICA Geo Office бағдарламасында өлшеу нәтижелерін импорттау

Жер учаскесінде бұл аспап арқылы геодезиялық түсірістер жасау өте ыңғайлы және қолайлы екен. Жоғары дәлдікті нәтиже беретін бұл аспап жылдам уақыт ішінде түсірістерді жүргізеді. Нәтижесінде жұмысқа кететін уақытты үнемдеп, тиянақты жұмыс атқаруға мүмкіндік береді. Құрылғымен жұмыс жасау өте ыңғайлы және оңай. Тәжірибесі жоқ маман да жылдам уақыт ішінде тез меңгеріп алады.

GS 10 аспабының салмағы – 1.20 кг, стандартты комплектпен жүретін RTK ровер салмағы – 5.40 кг және осы аспаптарды тасымалдауға ыңғайлы болу үшін рюкзак бірге жүреді.

2.5 MapInfo Professional – геодезиялық түсіріс нәтижелерін өңдеу бағдарламасы

MapInfo электрондық ақпараттық жүйесін Mapping Information Systems Corporation (АҚШ) фирмасы жасаған. MapInfo Corp серіктесі ESTI MAP орыс тіліндегі нұсқасын Ресейде және ТМД елдерінде таратады.

MapInfo Professional – бұл толықтай инструменталды географиялық ақпараттық жүйе (ГАЗ). Оның көмегімен карталарды жасауға және өңдеуге, картографиялық объектілерге қатысты ақпаратты сақтауға және өңдеуге болады. Жалпыға бірдей қабылданған ГАЗ терминологиясы тұрғысынан, MapInfo бұл кеңістіктік дерекқорды басқару жүйесі. Дәстүрлі МҚБЖ функцияларынан басқа MapInfo мәліметтер базасында сақталған картографиялық деректерді объектілердің кеңістіктік байланысын ескере отырып өңдеуге мүмкіндік береді. GIS MapInfo Informix, Sybase, Oracle8 және DB2 сияқты әйгілі ДҚБЖ-мен жұмыс жасау кезінде «карта клиенті» бола алады, өйткені ол ODBC протоколы арқылы да, тікелей де өзара әрекеттесудің тиімді механизмін қолдайды. MapInfo Professional Windows, DOS, UNIX платформаларында жұмыс істейді.

Бұл әр түрлі қызмет салаларында көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін, ең дамыған, қуатты және қолдануға болатын үстел үсті картаға түсіру жүйесі.


MapInfo-дағы мәліметтер карталар, тізімдер, аңыздар, графиктер және есептер түрінде ұсынылуы мүмкін. Карта терезесінде картографиялық объектілерді редакциялау және құру, масштабтау, проекцияларды өзгерту және картамен жұмыс істеудің басқа функциялары бар. Картографиялық нысандарға қатысты мәліметтер тізім терезесінде кесте түрінде ұсынылуы мүмкін. Граф терезесінде кестелердегі мәліметтерді әртүрлі типтегі графиктер мен диаграммалар түрінде көрсетуге болады. Legend терезесінде картадағы нысандардың белгілері және тақырыптық қабаттар көрсетіледі. Есеп терезесінде масштабтау, прототиптеу, сондай-ақ көп парақтық карталардың шаблондарын сақтау құралдары ұсынылған. MapInfo-мен жұмыс жасай отырып, есептер шығаруға және карта фрагменттерімен, тізімдерімен, диаграммаларымен және белгілерімен басып шығаруға болады. MapInfo басып шығару үшін стандартты амалдық жүйелік драйверлерді пайдаланады.

MapInfo Professional Oracle8.0.x, DB2, Informix қашықтағы мәліметтер базасымен байланыс орнатуды қолдайды.


MapInfo Professional бағдарламасы беретін мүмкіндіктер:

- Картографиялық интерфейс;
- Жоғары сапалы карталарды жасау және өңдеу;
- Бағдарламалық жасақтамамен бірге берілген кеңістіктік деректер қоры;
- Картаны біріктірудің қарапайымдылығы - Windows бағдарламаларында MapInfo терезесін ендіретін бірнеше жолдар (Excel, Access, Word);
- Анимация қабаты - қабаттағы жиі өзгеріспен жылдам қайта салу (объектілерді жылжыту үшін бақылау жүйелері үшін пайдалы);


- 3D-деректермен жұмыс - контурларды құру, Delaunay триангуляциясы және үшөлшемді визуализация.
 MapInfo бағдарламасына далалық өлшеулердің мәліметтерін енгізу барысы:




4-сурет – Бағдарламада жаңа файлды құру



5-сурет – Нүктелердің координаталарын енгізу терезесі



6-сурет – Нүктелер координаталары мен шекара ұзындықтарын енгізгеннен кейін бағдарлама жер телімінің сызбасын жасап, ауданын есептеп шығарады



7-сурет – Өлшеу жұмыстары жүргізілген жер учаскесінің ғарыштық суретін MapInfo бағдарламасына импорттауға болады


2.6 Жер телімдерінің ауданын анықтау әдістері

Жер учаскесінің ауданын анықтау – жер пайдалануға берілетін нысанда жүргізілетін жерге орналастыру жұмыстарының негізгі құрамас бөлігі. Ауданды анықтау әдістері жүргізілетін өлшемдер мен қолда бар картографиялық материалдарға байланысты бірнеше түрлерге бөлінеді.

Аналитикалық әдіс. Түсіріс нәтижесінде жер беті үшбұрыштарға бөлінген болса, нүктелердің анықталған координаталары X және Y арқылы бұл жер бетінің ауданын үшбұрыштың ауданын анықтау формуласын пайдалану арқылы табуға болады.

123 үшбұрышындағы нүктелерінің координаталары $X_{1,2,3}$ және $Y_{1,2,3}$ -ге тең болсын. Үшбұрыштың нүктелерінен 8-суретте көрсетілгендей, координат осіне перпендикулярды жүргізіп, олардың ұзындығын белгілейміз. Сонда үшбұрыштың ауданы I, II және III трапецияларының аудандарының қосындысына тең болады:

$$S=S_I+S_{II}+S_{III}$$



8-сурет. Ауданы анықтаудың аналитикалық әдісі

Бөлшектен құтылу үшін үшбұрыштың екіге көбейтілген ауданын есептейміз:

$$2S=(X_1+X_2)(Y_2-Y_1)+(X_2+X_3)(Y_3-Y_2)- \\ (X_3+X_3)(Y_3-Y_1)$$

Жақша ашылғаннан кейін келесі формула пайда болады:

$$2S=X_1(Y_2-Y_3)+X_2(Y_3-Y_2)-X_3(Y_1-Y_2)$$

Бұл әдіспен ауданды анықтау тиімдірек. Өйткені есептеу нәтижесінің дәл шамасы электронды тахеометрлер немесе GPS жүйелерін пайдалану кезінде анықталған өлшеу қателіктерімен байланысты болады. [5, 213-215 беттер]

Графикалық әдіс. Планда немесе картада жер бетінің бір бөлігінің ауданын анықтау – графикалық әдіс деп аталады. Әр учаске қарапайым геометриялық фигуралар үшбұрыштарға, төртбұрыштарға, трапецияларға бөлінеді. Әрбір фигура үшін негіз бен биіктік 2 рет анықталады. Шыққан нәтижелерді әр фигураның ауданын анықтайтын формулаларға салып, жер телімінің жалпы ауданын жоғарыда анықталған нәтижелердің жалпы қосындысынан табады.

Графикалық әдіс бойынша анықталған ауданның шынайылығы пайдаланылған графикалық материалдың масштабының дәрежесіне тәуелді. Өте

ұсақ масштабты карталарда ауданды анықтау тиімді емес, өткені қорытынды нәтиженің шамасы шын мәннен бірнеше есе төмен болады. Жалпы карталарды пайдаланып аудандарды анықтаған кезде, есептеу жұмыстарын бірнеше есе қайталап, шыққан нәтижесін екі қайтара тексеру қажет. Және де осылай екі қайтара жүргізілген есептеулер нәтижелерінің көрсеткіштері бір-бірінен үлкен айырмашылықта болмауы керек. [5, 210-211 беттер]

Механикалық әдіс. Ауданды анықтаудың механикалық әдісі планиметр атты құрылғыны пайдаланып еркін шекаралары бар учаскені картада немесе жоспарда өлшеу жұмыстарынан тұрады. Полярлық планиметрдің екі тұтқасы болады: полюсті және айналмалысы. Планиметрлер келесі талаптарға сай болуылары керек:

- планиметрдің санақ дөңгелегі осьпен жеңіл және еркін айналуы керек;
- санақ дөңгелегінің жазықтығы айналмалы рычагтің осьіне перпендикуляр болуы керек. [5, 216-217 беттер]

2.7 Жер телімдерін межелеу кезіндегі геодезиялық жұмыстар

Жер телімін межелеу деп жергілікті жерде жер бөліктерінің шекаралық бұрылыстарын межелік белгілерімен бекітіп, жазықтықтық тік бұрышты координаттарын, сонымен қатар аудандарын анықтап орналастырудағы қалпына келтірудегі кешенді жұмыстар жиынтығын айтады. Қазақстан Республикасының Жылжымайтын мүліктің мемлекеттік кадастры заңына сәйкес белгілі бір аймақтың немесе жер бөлігінің кадастрлық планы негізінде межелік план деген құжат жасалынады. Бұл құжатта жылжымайтын мүліктік мемлекеттік кадастрға енгізу үшін белгілі ақпараттар және жаңадан жасалынатын жер бөліктері немесе соның бір бөлігінің жаңадан пайда болған мәліметтері көрсетілуі тиіс. [5, 259 бет]

Межелеу жұмыстары:

- жер телімдерінің орналасу шекараларын жаңа иелері пайда болған кезде немесе бұрынғы пайдаланушыларды нақтылау кезінде бекітілген жобалық шешімдері іске асырудың техникалық кезеңінде;
- жергілікті жерде жер телімдерінің шекараларын айғақтайтын мәліметтер жоқ болған кезде, нақтылы шектеулер арқылы анықтау үшін;
- жылжымайтын мүліктік мемлекеттік кадастр арқылы шекараларды межелеудің нормативтік дәлдігімен жергілікті жерде шекараны қайта қалпына келтіру жұмыстары үшін жүргізіледі.

Межелеу жұмыстарын жүргізуде:

- Қазақстан Үкіметі атқарушы органдарының немесе жергілікті жердің межелеуді жүргізудің өзін-өзі басқару органдарының қаулысы;
- межелеуді жүргізуге берілген тапсырма;
- сот шешімдері негіз бола алады.

Межелееу кезінде мемлекеттік жер кадастрлік мәліметтер, құқықтық құжаттар, сондай-ақ жерді пайдалану, қорғау және қайта құру жөніндегі құжаттар ескерілуі қажет. Жер телімін межелееу жұмыстары тұтынушының бекіткен тапсырмасы бойынша орындалады. Тапсырмада мыналар көрсетіледі:

- дайындық жұмыстары;
- техникалық жоба жасау;
- межелееу кезінде құқықтары бұзылған адамдарды хабарландыру;
- жергілікті жерде шекаралық жағдайларды анықтау, оларды келістіріп, межелік белгімен бекіту;
- межелік белгілердің жазықтық тік бұрыштық координаттарын анықтау;
- жер телімдерінің межелік түсірісін жасау;
- жерге орналастыру нысанының ауданын анықтау;
- жерге орналастыру ісін жасау;
- жерге орналастыру ісін бекіту;
- жер телімінің орналасу шекарасын актымен келісілген межелееу планын жасау. [5, 260 бет]

Межелееу кезінде жылжымайтын мүлік мемлекеттік кадастр мәліметтері, құқық иелік құжаттары, сонымен қатар басқада жерді пайдалану, қорғау және қайта бөлумен байланысты құжаттары ескерілуі тиіс.

Жер телімін межелееу бойынша жұмыстар:

- жер телімінің орыны (адресі) және оның ауданы;
- межелееуді жүргізу үшін негіздеме;
- жұмыстың орындалу тәртібі белгіленген нормативтік- техникалық құжаттар көрсетілген тапсырушы бекіткен тапсырма негізінде орындалады.

Берілетін тапсырма бастапқы материалдарды жинау және талдау бойынша жүргізілетін дайындық жұмыстары кезіндегі алынатын:

- жылжымайтын мүліктік мемлекеттік кадастр мәліметтеріне, жерге орналастыру ісіне, жерге орналастыру сызбаларымен жобаларына және т.б.;
- жер пайдаланудың нақтылы мәліметтеріне;
- бөлінетін жер телімі аумағындағы жылжымайтын мүлік иелерімен пайдалану нысандарының жеке меншіктік құжаттарына;
- сот мекемелерінің шешімдеріне;
- құрылыс нысандарының бас жоспарларымен басқада құрылыстық құжаттамаларға;
- бұрыннан орнатылған межелік белгілердің, межелееу тіректік тор координаттарының каталогтарына негізделуі тиіс.

Жер телімдерін межелееудің келесі міндетті – кезеңі жергілікті жерде жерге орнастыру нысандарының шекараларын анықтау, оларды келісу және межелік белгімен бекіту.

Жер телімдерін межелееу кезінде олардың шекараларының бұрылыс нүктелері жергілікті жерде межелік белгілермен бекітулері тиіс және

центрлерінің координаты міндетті түрде жергілікті жердегі қабылданған жазықтықтық тік бұрыштық жүйеде анықталуы керек.

Жергілікті жерде жерді пайдаланудың кемшіліктерін жойып, жер телімдерінің нақтыланған дәл шекараларын анықтап, межелік белгілерді бекітіп, геодезиялық аспаптармен жергілікті жерде өлшеулерді орындап болған соң аймақтық басқармада межелік (кадастрлық) істі бекітіп, мемлекеттік тіркеуден өткізеді.

Жер телімдерінің межелік түсірулерін жергілікті жерде қолданылатын кәдімгі топографиялық түсірістегідей дәстүрлі геодезиялық тәсілдермен орындайды. Бірақ бұл түсіріс атымен қызметі айтып тұрғандай, кейбір өзгешеліктермен ерекшеленеді. Алдымен ол жер телімдерінің планында көрсетілетін түсіру нысандарына қатысты. Сонымен қатар шектеу және уақытша жылжыту аймақтары, жер асты коммуникация трассалары және т.б. қосымша анықталады.

Жер телімдерінің межелік түсірімдерін әдетте межелік түсіру торы пункттерінен бастап жүргізеді. Сонымен қатар, егер жұмысты орындау тапсырмасында айтылған болса, онда түсіріс жергілікті жерде тиянақты бекітілген межелік белгіге байланыстыру арқылы да орындалуы мүмкін. [5, 261-262 беттер]

Жер учаскілерін межелеу бойынша Талғар ауданында төменгі іс шаралар атқарылуда. Кіші және орта бизнестің дамуына 2018 жылы жалпы ауданы 97,5 мың га жерде 1204 жер учаскесі бөлінді, оның ішінде ауылшаруашылығы өндірісі үшін 644 жер учаскесі, ауданы 97,2 мың га, өнеркәсіпте 36 жер учаскесі, ауданы 0,1 мың га, және басқа да жерлерге 524 жер учаскесі ауданы 0,2 мың га.

2.8 Жобадан жер бетіне шығару кезіндегі геодезиялық жұмыстар

Пайдалану жерлерінің шекараларын нақтылыққа шығару кезіндегі геодезиялық жұмыстар адамдардың күнделікті тіршілігіндегі ғимараттар мен құрылымдарды салу кезіндегі бөлу жұмыстары сияқты.

Геодезиялық жұмыстардың негізі болып жоба есептеледі. Жерге орналастыру кезіндегі жобалау нысандары болып: қалалардың, аудандардың, қала типтес ауылдардың, елді мекендердің, бау-бақшалардың, саяжайлардың, жолдың және де басқа өз алдына аумақтық статусы бар жер телімдерінің шекаралары саналады. Бұл жұмыстың негізгі мәнісі жерге орналастыру және қала салу құжаттарында көрсетілген шекараларды аудандық немесе кварталдық кадастрға байланысты жер бетіндегі орналасу орындарын анықтау. Жобаны жер бетіне шығару деген топографиялық түсіруге кері үдеріс. Жер бөліктерін нақтылыққа шығаруда олардың нүктелерінің орындары белгісіз. Сондықтан олар геодезиялық бөлу жұмыстары үдерісінде жер бетінде белгілетіп бекітулері тиіс. Геодезиялық бөлу жұмыстары кезінде бастапқы мәліметтер болып жылжымайтын мүліктік мемлекеттік кадастр саналады. Мысалы, бұрыннан бекітілген межелік белгілердің жазықтықтық тік бұрыштық, сол сияқты жер телімдерінің шекараларын жобалау кезіндегі топографиялық және электрондық

карталар арқылы алынатын жобалық нүктелерін жер бетіне шығаруда алдын ала аналитикалық тәсілдермен мәліметтерді дайындап алу керек. [5, 268 бет]

Нақтылыққа шығарылатын нүктелердің координаттарын аналитикалық дайындау кезінде бастапқы геодезиялық негіздеуге сәйкес мемлекеттік немесе жергілікті координат жүйелерінде есептейді. Шекараларды нақтылыққа шығару мынандай тәсілдермен орындалады: тура және кері бұрыштық қиылыстырулар, сызықтық қиылыстыру, полярлық және тік бұрыштық координаттар немесе теодолиттік жүрістерімен орындалады.

Нақтылыққа шығарылған нүктелерді, әдетте, арнайы межелік белгілермен бекітеді. Сол сияқты тез табылатын контурлық нүктелер де болуы мүмкін. Алынған мәліметтерді кадастрлық планға және кадастрлық қор мәліметтеріне енгізеді. Кадастрлық ақпараттың сенімділігі геодезиялық мәліметтердің дәлдігіне байланысты. Жерге иеленуші актісін бергенде жер телімінің шекаралық сызбасы (5-сурет) жасалынады. [5, 269, 271 беттер]

3 Талғар ауданында жерге орналастыру жобасын геодезиялық қамтамасыздандыру

3.1 Жерге орналастыру жобасын әзірлеу қағидалары

Жерге орналастыру жобасын әзірлеу бойынша жерге орналастыру жұмыстарын орындау қағидалары Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-бабына сәйкес әзірленген және жерге орналастыруды орындау, жерге орналастыру жобасын әзірлеу тәртібін айқындайды. Бұл Қағидаларда жұмыстардың мазмұны мен құрамының сипаттамасы, сондай-ақ жер-кадастрлық және жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу кезіндегі жерге орналастыру жобасының ресімделуі берілген.

Жерге орналастыру жобасы – жер учаскесінің схемасы (жоспары), жер учаскесінің алаңы, оның шекаралары мен орналасқан жері туралы мәліметтер, жер учаскелерінің аралас меншік иелері мен жер пайдаланушылары туралы және жер учаскелеріне ауыртпалықтар мен сервитуттар туралы мәліметтер жинағы.

Мемлекет меншігіндегі жерлерден жер учаскесін берген кезде жаңа жер учаскелерін қалыптастыру бойынша жерге орналастыру жобасын әзірлеу комиссияның оң қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

Қолданыстағы жер учаскелерін ретке келтіру кезінде жерге орналастыру жобасын әзірлеу тапсырыс берушінің өтініші негізінде жүзеге асырылады және мынандай жағдайларда жүргізіледі:

- 1) жер учаскелерін бөлген кезде;
- 2) жер учаскелерін қосу (біріктіру);
- 3) жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамалары (конфигурациясы, шекаралары, алаңдары) өзгерген;
- 4) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қою немесе сатып алу кезінде.

Жерге орналастыру жобасы кезінде орындалатын іс-шаралар келесі ретпен жүзеге асырылады:

- жерге орналастыру жобасын әзірлеуге өтініш;
- дайындық жұмыстары;
- жерге орналастыру жобасын әзірлеу;
- жерге орналастыру жобасын қалыптастыру;
- жерге орналастыру жобасын бекіту;
- жерге орналастыру жобасын орындау.

Дайындық жұмыстарының құрамында жоспарлау-картографиялық материалдарды іріктеу, мемлекеттік жер кадастрында жерге орналастыру, қала құрылысы, орман орналастыру, геодезиялық және картографиялық құжаттамаларда қамтылатын жер учаскелері туралы мәліметтерді жинау және зерттеу жүргізіледі.

Белгілі бір жер учаскесі туралы мемлекеттік жер кадастры мәліметтері қағаз және электрондық тасығыштарда, сонымен қатар белгіленген тәртіппен жер учаскесінің есепке алынған жері бойынша техникалық және

телекоммуникациялық байланыс құралдарын қолдана отырып, жер кадастры мәліметтерінің банкіне тікелей рұқсат ету түрінде беріледі.

Жерге орналастыру жобасында берілетін (өзгеретін) жер учаскесінің алаңы, оның шекарасы және орналасқан орны, бөгде және шектес меншік иелері немесе жер пайдаланушылар, сондай-ақ жер учаскесінің ауыртпалықтары мен сервитуттары анықталуы тиіс.

Азаматтар мен заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығынан басқа мақсаттар үшін берілетін жер учаскелерінің мөлшері қызметтің осы түрлеріне жер бөліп берудің нормалары бойынша не сәулет-қала құрылысы және (немесе) құрылыс құжаттамасына сәйкес айқындалады.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде жаңадан қалыптастырылатын ауыл шаруашылығы ұйымдары, шаруа (фермер) қожалықтары мен жеке қосалқы шаруашылықтары үшін құрылатын жер учаскелерінің шекаралары қосымша ескеріледі, олардың жинақы орналасуы ескеріле отырып белгіленеді, табиғи және жасанды шекаралармен (өзендермен, бұлақтармен, арналармен, орман алаптарымен, жолдармен) біріктіріледі.

Жерге орналастыру жобасын әзірлеуші, тапсырыс берушінің және қажет болған жағдайда үшінші тұлғалардың қатысуымен жер учаскелеріне далалық зерттеуді жүргізеді. Далалық зерттеу процесінде жылжымайтын мүлік объектілерінің орналасқан жері мен жер учаскелерінің нақты шекараларын нақтылау жүргізіледі. Жер учаскелерін далалық зерттеудің нәтижелері далалық зерттеудің сызба схемасын дайындаумен бірге далалық зерттеу актісімен ресімделеді.

Жерге орналастыру жобасын жүргізу белгілі бір тәртіппен жүзеге асырылады:

1) жерге орналастыру жобасын әзірлеуші дайындалған жоспары және оның бұрылыс айналма нүктелері координаттарының ведомосін Мемлекеттік корпорацияға жобаланатын жер учаскесінің орналасқан жерінің мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің графикалық деректеріне сәйкес келуін салыстырып тексеру үшін жібереді.

Жобаланған жер учаскесінің орналасқан жері мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің графикалық деректеріне сәйкес келген жағдайда (шекаралардың қабаттасуларының жоқтығы, жер учаскесінің орналасқан жерінің, алаңының, сызық шектерінің, конфигурациясы мен координаттарының деректерінің ұсынылған деректер бойынша сәйкес келуі, ауыртпалықтар мен шектеулердің жоқтығы), Мемлекеттік корпорация жер учаскесінің жоспарында және оның бұрылыс айналма нүктелері координаттарының ведомосінде белгі қойып, оны әзірлеушіге материалдарын түскен күннен бастап 15 күнтізбелік күнде қайтарып беруі керек.

Жобаланған жер учаскесінің орналасқан жері мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің графикалық деректеріне сәйкес келмеген жағдайда (жер учаскелері шекараларының қабаттасуы, жер учаскесінің орналасқан жерінің сәйкес келмеуі, жер учаскесі

алаңының, сызық шектерінің, конфигурациясы мен координаталарының ведомостімен ұсынылған деректер бойынша дұрыс еместігі, ауыртпалықтар мен шектеулердің болуы), Мемлекеттік корпорация жер учаскесінің жоспарын және оның бұрылыс айналма нүктелері координаталарының ведомосін жер учаскесінің шекараларының қабаттасу схемасымен (6-сурет) қосып, 15 күнтізбелік күн ішінде әзірлеушіге қайтарады.

2) жерге орналастыру жобасын мемлекеттік органдарда, жер-кадастрлық және жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде құқықтары мен заңды мүдделері қозғалуы мүмкін үшінші тұлғаларда мемлекеттік органдармен көршілес учаскелер меншік иелері (жер пайдаланушылар) келісімдер не жер учаскесінің жоба схемасында мөрмен куәландырылған қол қою түрінде келісім беріледі, бұл ретте тапсырыс беруші немесе оның сенім білдірген адамы өз бетінше барлық мүдделі тұлғалармен келісімді қамтамасыз етеді;

3) жерге орналастыру жобасын бекіту жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен жүзеге асырылады.

Жерге орналастыру жобасы екі бөлімнен тұрады: мәтіндік және техникалық.

Жерге орналастыру жобасының мәтіндік бөлімінде:

- 1) жер учаскесіне құқық беру туралы азаматтың немесе заңды тұлғаның өтініші;
- 2) жер учаскесі шекараларының жобасымен қоса жер учаскесін таңдау актісі;
- 3) сұралып отырған жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы жер комиссиясының қорытындысы;
- 4) жаңа жер учаскесін қалыптастыру немесе оны ретке келтіру кезінде қабылданатын жобалық шешімдердерді негіздеу үшін қажетті материалдар қамтылады.

Қолданыстағы жер учаскелері үшін жерге орналастыру жобасының мәтіндік бөлігіне жылжымайтын мүлік объектісіне құқықты белгілейтін құжаттардың көшірмелері және тапсырыс берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі қосылады.

Жерге орналастыру жобасы және басқа құжаттама жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган бекіткенге дейін нысан бойынша титул парағымен келесі реттілікпен ресімделеді:

Мәтіндік бөлімде:

- 1) нысан бойынша жерге орналастыру жобасының тізімі;
- 2) нысан бойынша жобаның түзету парағы;
- 3) нысан бойынша тапсырыс берушіден қабылданған құжаттар тізбесі;
- 4) нысан бойынша жерге орналастыру жобасын әзірлеуге өтініш;
- 5) комиссияның қарауы және қорытынды дайындауы үшін жер учаскесі шекараларының схемалары мен таңдау актілері;
- 6) комиссияның оң қорытындысы;
- 7) азаматтың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама;

- 8) жер учаскесіне құқық беру туралы жергілікті атқарушы органның шешімімен бекітілген шығындардың орнын толтыру актісімен қоса ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірістері шығындарының есебінен тұрады.

3.2 Жерге орналастыру жобасының техникалық бөлімін дайындау

Жерге орналастыру жобасының техникалық бөлімі нысан бойынша ресімделеді және:

- 1) нысан бойынша жерге орналастыру жобасына түсіндірме жазбадан;
- 2) жер учаскесінің жерге орналастыру схемасынан, жобалық схемалық-сызбадан;
- 3) жер учаскесінің жоспарынан;
- 4) жер учаскесінің жұмыс сызбасынан;
- 5) нысан бойынша өлшемдер журналынан;
- 6) нысан бойынша абристен;
- 7) жаһандық позициялау жүйесі (GPS-Global Positioning System) бойынша нобайлар пайдаланылған кезде;
- 8) нысан бойынша теодолиттік жүрістерді қиыстыру ведомосі немесе жер учаскесі шекаралары жақтарының ұзындықтры мен координаталарының жиынтық ведомосінен;
- 9) ауыртпалықтар мен сервитуттар (болған жағдайда) көрсетілген құжаттардан тұрады.

Жобаның жоспарлау-картографиялық материалдарына елді мекендерде М: 1:500, 1:2000, 1:5000 масштабында, басқа санаттағы жерлерде жұмысқа ыңғайлы масштабта құрылатын схема қосылады, оған жобалық шешімдерді қабылдау және негіздеу үшін қажетті ақпарат енгізілген (қалданыстағы жер учаскелерінің шекаралары, олардың кадастрлық нөмірлері, күзет, санитариялық-қорғау және жерлерді ерекше шарттармен пайдаланатын өзге аймақтардың шекаралары).

Жергілікті жерде жобалық элементтердің орналасқан жерін анықтау үшін қажетті барлық жобалық элементтер (шектесу мен бағыттарды сипаттау нүктелері, жер учаскелерінің шекаралары, сызықтардың өлшемі, тірек нүктелері мен олардың нөмірлері) жерге орналастыру жобасының сызбасында қызыл түспен, бөгде жер пайдаланушылар көк түспен белгіленеді.

Схемада жер экспликациясы (елді мекендердің жерлерінен басқа), шартты белгілер, шектесу және бөгде тұлғаның пайдалануындағы жерлердің сипаттамасы қамтылады.


Схеманың мөртабанында жерге орналастыру жобасының атауы, жерге орналастыру объектісі, масштабы, парақтар саны және жұмысты орындаушы көрсетіледі. Схемада жерге орналастыру жобасының сызбасын бекіту және келісу деректемелерін орналастыруға арналған орын болу керек.

Жер учаскесінің схемасы (жоспары)

Тапсырыс беруші: Гараева Г.М., Дильмухамедов А.Г., Дильмухамедов Г.А.

Жер учаскесінің орналасқан орны: Талғар ауданы, Кеңдала ауылдық округі, «Кондитер» бау-бақша серіктестігі, 17-Дачная көшесі, №20 участок.

Жер учаскесінің нысаналы пайдалану мақсаты: бау-бақша шаруашылығын жүргізу үшін




Масштаб 1:500


9-сурет – Жер учаскесінің схемасы (жоспары)

ЖЕР УЧАСКЕСІНІҢ ЖОСПАРЫ

Жер учаскесінің кадастрлық номері	03-051-135-960	Ауданы, (га)	0,0600 га
Жер учаскесінің орналасу орны	Талғар ауданы, Кеңдала ауылдық округі, «Кондитер» бау-бақша серіктестігі, 17-Дачная көшесі, №20 участок.	Жер санаты	Ауыл-шаруашылығы мақсатындағы жерлер
Нысаналы пайдалану мақсаты	бау-бақша шаруашылығын жүргізу үшін		



М 1:500



М 1:2000

10-сурет – Жер учаскесінің жоспары

1-кесте

Жер учаскесі шекаралары жақтарының ұзындықтары мен координаталарының жиынтық ведомосі

Гараева Г.М., Дильмухамедов А.Г., Дильмухамедов Г.А.

Талғар ауданы, Кеңдала ауылдық округі, «Кондитер» бау-бақша серіктестігі, 17-Дачная көшесі, №20 участок


(жер пайдаланушының аты-жөні, жер учаскесінің орналасқан орны)

№№ нүктелер	Координаттар		Ұзындығы (м)
	X	Y	
1	43°22'40.25"	77°13'44.13"	31,85
2	43°22'39.23"	77°13'44.37"	
3	43°22'39.07"	77°13'43.59"	18,22
4	43°22'40.07"	77°13'43.29"	31,43
5	43°22'40.09"	77°13'43.29"	0,5
1	43°22'40.25"	77°13'44.13"	19,42




Периметр: 101,42 м

Ауданы: 0,0600 га (600 м²)

ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ СХЕМАСЫ



Уақытша файл: тзп-38

Шартты белгілер:	
	- жер учаскесінің шекарасы
	- бұрылу нүктелері
	- өлшемдер

Іргелес жер пайдаланушылар:

А-дан Б-ға дейін – көршілес учаске В-дан Г-ға дейін – көршілес учаске
Б-дан В-ға дейін – көше Г-дан А-ға дейін – көршілес учаске
Жер учаскесін пайдаланудағы шектеулер мен ауыртпалықтар: **жоқ**
Жер учаскесінің бөлінуі: **бөлінбейді**
Бөтен жер пайдаланушылардың атауы мен ауданы: **жоқ**

11-сурет – Жерге орналастыру схемасы

ЖЕРЛЕРДІҢ ЭКСПЛИКАЦИЯСЫ, гектармен

Бөлініп берілген жер шекаралары бойынша беріледі, барлығы	Соның ішінде			
	егістік	шабындық	жайылым	басқа
0,0600 га				

Орындаушы	Тегі	Қолы	Уақыты	Шаруашылықаралық жерге орналастыру			
Директор			27.01.2020	Гараева Г.М., Дильмухамедов А.Г., Дильмухамедов Г.А.			
Маман				Жобаның сызбасы	Парақ тар	парақ	Масштаб
					1	1	1: 500
				ТОО «Талғар зем-проект»			

Жер учаскесінің шекарасының ұзындықтары мен нүктелерінің координаттарының ведомосі және жер учаскесінің жоспары Талғар аудандық тіркеу және жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі - «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Алматы облысы бойынша филиалындағы графикалық мәліметтерге сәйкес келуі салыстырылып, тексерілді. (12-сурет)

Жер телімі	
Кадастровый номер	03-051-135-960
Предоставленное право	общая долевая собственность
Срок землепользования	
Категория земель	Земли сельскохозяйственного назначения
Целевое назначение	для садоводства
Местоположение	Алматинская обл., Талгарский р-н., Кендалинский с/о., с/т "Кондитер", ул.17-Дачная, уч. №20
Площадь (кв.м.)	600
Кадастровая оценка	248400 (21.06.2012)
Землепользователи	информация не доступна
Делимый участок?	нет
Ограничения	нет

12-сурет – Жер учаскесінің жоспарын Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің графикалық деректерімен сәйкестігін тексеру

Жерге орналастыру жұмыстары аяқталып, олар өкілетті органмен бекітілгеннен кейін жерге орналастыру жобасының бір данасы тапсырыс берушіге немесе әзірлеушіге және екінші данасы жер учаскесінің жобалық шекараларының бұрылыс нүктелері координаталарының ведомосімен қоса Мемлекеттік корпорацияға жер-кадастрлық істерді қалыптастырып, деректерді мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің базасына енгізу үшін беріледі.

Қалаларда және басқа елді мекендерде жер учаскелерінің саны, олардың есеп кварталы бойынша бөлінуін анықтау үшін жер – есеп құжаттамасы, жерге меншік құқығы мен тұрақты пайдалану құқығына актілерді ұсыну мәліметтер банкісі, жеке үй құрылысы, өнеркәсіптік және әлеуметтік тұрмыстық объектілер, инфрақұрылым туралы ақпарат, қолда бар жобалық және болжамдық әзірлеулер және т.б. пайдаланылады.

Есеп кварталдарының шекараларын белгілеу үшін елді мекендерді салу мен дамытудың басты жоспары, басқа картографиялық материал, оның масштабы есеп кварталдарының шекараларын бейнелеуге мүмкіндік береді.

Тиісті жер санаттарына жатқызылған бөлу жолақтары бар сызықтық объектілерді олардың функционалдық бағытталуы бойынша жеке темір жолдар, су шаруашылық, құрылыс және т.с.с есептік кварталдарына бөліп көрсеткен жөн. Сонымен қатар оларды бір есеп кварталына біріктіру мүмкіндігі де ескерілген.

Жер кадастрлық аймақтандыру жүргізу мен есеп кварталдарының санын және атауларын белгілегеннен соң әкімшілік ауданда, облыс қарамағында, қалада немесе ауылдық округте есеп кварталдарына берілетін кодтар тізімі жасалады.

Әкімшілік аудандар ішіндегі есеп кварталдарына кодтарды беру кезінде пайдалану ыңғайлылығы үшін бұрынғы ауылшаруашылық кәсіпорындарының жер пайдалану шекаралары негізге алынады. Олардың шекаралары шеңберінде есеп кварталына кодтар беру келесі тәртіпте жүргізіледі: елді мекендер; бақша өсіру кооперативтері (серіктестер); осы аумақта ауылшаруашылық кәсіпорындары мен басқа ұйымдардан құрылған квартал. Бұдан кейін темір жолдары, автокөлік жолдары, су шаруашылық объектілері, байланыс желілерімен электрмен қамтамасыз ету және т.б. жер учаскелерінен құрылған есеп кварталдарына кодтар беріледі.

Алматы облысы бойынша 2019 жылы орындалған жерге орналастыру жұмыстарының көлемі 995,3 млн.теңге, оның ішінде республикалық бюджет есебінен 165,3 млн.теңге, облыстық бюджет есебінен 41,1 млн.теңге және тапсырушылар қаржысы есебінен 788,9 млн.теңге құрады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл дипломдық жұмыста жерге орналастыру міндеттерін шешудегі геодезиялық жұмыстарды жүргізу принциптері қарастырылып, атқарылатын жұмыстардың маңыздылығы көрсетілді.

Талғар аудандық жер қатынастары бөлімінде геодезиялық жұмыстарды атқару барысында ауылдық округтің жер учаскесін қайта ретке келтіру жұмысы орындалды.

Топографиялық-геодезиялық жұмыстар GPS/GNSS қабылдағыштары орнатылған LEICA GS10 заманауи геодезиялық аспабының көмегімен орындалды. Камералық өңдеу MapInfo бағдарламасында жүргізілді.

Жерге орналастыру жұмысын жүргізетін мамандар графикалық және мәтіндік бөлімдерін қоса, жерге орналастыруды жобалаудың барлық жұмыстарын орындайды. Графикалық бөлімге жобалық жоспар (аумақтың шекарасын белгілеумен байланысты барлық шешімдер көрсетіліп), жобаны жерге түсірудің жұмыс жоспарлары, карталар (геоботаникалық, жерді бағалау, агроэкологиялық), сұлбалар, кестелер және диаграммалар кіреді. Мәтіндік бөлімге жобалауға тапсырма, есептеу-түсіндіру жазбасы, техникалық-экономикалық негіздеме материалдары, алқаптар аудандарының ведомосттары, сметалық-қаржылық есептеулер, сараптама материалдары, жобаны қарау және бекіту құжаттары, қолданбалы бағдарламалардың пакеттері, ақпарат тасығыштар кіреді. Жобаның екі бөлімі жобалық-сметалық құжаттаманы құрайды.

Жерге орналастыру жұмыстары – жаңа жер телімін қалыптастыру немесе бар жер телімін қайта ұйымдастыру жұмыстарының кешені, оның шекараларын белгілеу (қалпына келтіру) және кадастрлық істі құрастыру бойынша топографиялық-геодезиялық жұмыстар. Осы жұмыстардың түпкі мақсаты – нысандағы жүргізілген барлық жұмыстар нәтижесінде анықталған мәліметтер жинақталған техникалық, экономикалық, заңдық құжаттар кешені болып табылатын жерге орналастыру жобасын дайындау болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан республикасының «Жер кодексі» 2003
2. М. Нұрпейсова, Қ. Рысбеков, О. Сарыбаев, Д. Киргизбаева, Геодезия – Оқулық, Астана: Фолиант, 2016
3. Ж. Сейфуллин, Жер кадастры – Оқулық, Алматы: ҚазҰАУ, 2001
4. Ж. Игильманов, Г. Кусаинова, А. Игильманов, Инженерлік геодезия – Оқулық, Алматы: Эверо, 2016
5. Т.Есполов, Т.Жоламанов, Т.Пентаев, О.Абралиев, Жер кадастры - Оқулық, Алматы: 2013
6. Т. Тұяқбаев, С. Солтабаева, Ж. Нукарбекова, Ы. Жақыпбек, Инженерлік геодезия – Оқулық, Алматы: 2013
6. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011370> - Жерге орналастыру жобасын әзірлеу жөніндегі жерге орналастыру жұмыстарын орындау қағидаларын бекіту туралы
7. <http://www.aisgzk.kz/aisgzk/ru/content/maps?type=ot> - Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі және техникалық қамтамасыз ету басқармасының сайты

Протокол анализа Отчета подобия Научным руководителем

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Жунисбаева Айгерим Бакытовна

Название: Жерге орналастыру міндеттерін шешуге арналған геодезиялық жұмыстар

Координатор: Шынар Айтказинова

Коэффициент подобия 1: 2,4

Коэффициент подобия 2: 0,8

Замена букв: 0

Интервалы: 0

Микропробелы: 0

Белые знаки: 0

После анализа Отчета подобия констатирую следующее:

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

Обоснование:

.....
21.05.2020г

Дата

.....
Айтказинова Ш.К.

Подпись Научного руководителя

Ғылыми жетекшінің пікірі

Дипломдық жоба
(жұмыс түрлерінің атауы)

Жунисбаева Айгерім Бақытовна
(оқушының аты жөні)

5B071100 – Геодезия және картография
(мамандық атауы мен шифрі)

Тақырыбы: “Жерге орналастыру міндеттерін шешуге арналған геодезиялық жұмыстар”

Жер қойнауында адамның тіршілік әрекетіне қажетті байлықтың аса маңызды қоры жинақталған. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасы жер ресурстарын қорғауға, жердің құнарлығын көтеру және нысаналы мақсатына байланысты жерлерді пайдалану негізінде көптеген мәселелерді шешуде геодезиялық жұмыстардың да алатын орны ерекше.

Бүгінгі таңда жерге орналастырудың республикалық және аймақтық схемасын құру, жерді пайдалануды жақсарту және қорғау бағдарламаларын жасау; жаңа шаруашылық субъектілерінің жер пайдалану жобасын және оның территориясын ұйымдастыру жобасын жасау, тіркелген жер иелену құқықтарын ретке келтіру бойынша жерге орналастыру жобаларын жасау, телімдердің шекараларын жер бетінде шығару және межелік белгілерді қалыптастыру, жерге меншік иесінің құқықтық жағдайын растайтын құжаттамаларды берудің барлығы дерлік геодезиялық жұмыстардың мәліметтерімен қамтамасыз етіле отырылып, жүргізіледі.

Осыған орай дипломдық жұмыста жерге орналастыру міндеттерін шешудегі негізгі жұмыстың бірі - геодезиялық жұмыстар арқау ретінде қарастырылған.

Дипломдық жұмыста Алматы облысы бойынша филиалы – Жер кадастры және жылжымайтын мүлік бойынша Талғар аудандық бөлімінде жерге орналастыру мамандығына сәйкес келетін құжаттардың барлығы толықтай аталып және оларды геодезиялық жұмыстармен қамтамасыз ету баяндалған.

Жунисбаева Айгерімнің дипломдық жұмысы бекітілген тақырыпқа толықтай келіседі және мемлекеттік стандартқа сай орындалған.

Дипломдық жұмыстың иесі Айгерім Бақытқызы бакалавр академиялық дәрежесіне лайықты деп санаймын және жұмысын қорғауға жіберуге ұсынамын.

Ғылыми жетекші
ҚазҰЗТУ, МЖГ кафедрасының
тьюторы, PhD докторы



Айтказинова Ш.К.
«15» мамыр 2020 ж.